



ШЕТЕЛ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сырым Августхан,

*Академияның Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру институтының оқытушысы
әділет кеңесшісі*

Адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалуы мен сақталуына Конституциямен кепілдік беріледі. Бұл үшін қылмыстарды жылдам әрі толық ашу, қылмыс жасаған адамдарды әшкерелеу және қылмыстық жауаптылыққа тарту, әділ сот талқылауы және қылмыстық заңды тиісінше қолдану мақсатында қылмыстық іс жүргізу заңнамасын және жедел-ізвестіру қызметі туралы заңнаманы тиімді қолдануды көздейтін оңтайлы құқықтық тетіктерді әзірлеу талап етіледі.

Қоғамдағы заңға қайшы, қоғамға қауіпті құқық бұзушылықтардың алдын алу, оларды ашуға сотқа дейін тергеп-тексеру әлеуметтік бағдарланған мемлекеттің қылмыстық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Тарихи тәжірибе, қылмыс – бұл қоғамдық қатынастардың ажырамас бөлігі екенін көрсетеді. Мемлекет болған жерде ол да болады. Оның қазіргі мемлекеттердегі айырмашылығы осы қылмыстық әрекеттердегі адамдардың, қылмыстық белсенділігі, әрекет етуі мен санында ғана. Бұл отандық және шетелдік криминологтардың арасында жалпы танылған, әлемдік практикамен расталған фактілер.

Қазақстан егеменді мемлекет ретінде жедел-ізвестіру қызметі туралы Заңды қабылдаған ТМД елдері арасындағы алғашқылардың бірі болды (1994 жылғы 15 қыркүйек).

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтеріне сәйкес, қылмыстардың, оның ішінде ұйымдасқан қылмыстық топтар жасаған қылмыстардың, сыбайлас жемқорлық қылмыстардың, есірткі, психотроптық заттармен прекурсорлардың заңсыз айналымымен бай-

ланысты және т.б. қылмыстардың басым көпшілігі құқық бұзушылықтарды ашуға ықпал ететін күштер мен құралдар туралы мәліметтерді пайдалана отырып ашылған [1]. Ол мәліметтер төмендегі кестеде келтірілген.

Қызметтер	2015	2016	2017	2018	2019
Криминалды полиция	59 312	67 960	70 608	71 086	61 001
Ұйымдасқан қылмысқа қарсы күрес	1 418	1 829	1 974	2 085	471
Психотроптық заттар мен прекурсорлардың заңсыз айналымына қарсы күрес	2 387	2 921	3 167	3 220	2 768
Экстремизмге қарсы күрес	-	-	614	613	573
Экономикалық тергеу қызметі	115	214	339	315	146
ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі	-	-	140	175	107
Басқа қызметтер	673	916	525	615	596

1-кесте

Елімізде 2014 жылы жаңа қылмыстық заңнамалардың қабылдануымен тергеу әрекеттерінің (жасырын тергеу әрекеттері), кейбір жедел-ізвестіру шараларын жүргізу негіздері, шарттары өзгерді. Бұл Қазақстан Республикасының Қылмыстық процесілік кодексіне (бұдан әрі – ҚР ҚПК) «Жасырын тергеу әрекеттері» енгізілуіне байланысты болды.

«Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы (бұдан әрі – ҚР ЖІҚ заңы) жедел-ізвестіру жұмысын жүзеге асырудың құқықтық негіздерінің бірі болып табылады. Осы заң бірінші кезекте адамдардың өмірін, денсаулығын, құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында құқық қорғау не арнаулы мемлекеттік органдар жүзеге асыратын жария және жасырын жедел-ізвестіру, ұйымдастыру және басқару іс-шараларының ғылыми негізделген жүйесін айқындайды. ҚР ЖІҚ заңының 11-бабында жедел-ізвестіру іс-шараларының (бұдан әрі ЖІШ) 24 түрі көрсетілген, олар өз кезегінде 18 жалпы және 6 арнаулы жедел-ізвестіру шаралары болып бекітілген. Жедел-ізвестіру шаралары, оларды жүргізу негіздері, жүргізу шарттары аталған заңның 10,11,12 баптарында айқындалған [2].

Қылмысқа қарсы іс-қимылдың негізгі бағыттары – оған арнайы уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың жедел-ізвестіру шаралары мен қылмыстық іс жүргізу әрекеттерін жүзеге асыру арқылы қылмыстарды анықтау, алдын алу, жолын кесу және ашу. Қабылданған өзгерістерге байланысты ҚР ҚПК мен ҚР ЖІҚ-ге байланысты әр түрлі пікірлер де жоқ емес.

Осы мәселе бойынша шетелдердің жедел-ізвестіру қызметі мен қылмыстық процесі байланыстарының құқықтық негіздеріне тоқталып өтуді дұрыс деп санадық.

Германия, Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания және басқа да бірқатар елдердің ЖІҚ-не арналған құқықтық актілері өзінің мазмұны бойынша неғұрлым ашық.

Мысалы, 1987 жылғы АҚШ Бас Прокурорының ФТБ құпия операциялары бойынша нұсқауларына (Attorney Generals Guidelines on FBI Undercover Operations) сәйкес «құпия агент» – бұл штаттық қызметкер белгілі бір тергеуде ФТБ басшылығымен және бақылауымен жұмыс істейтін, олардың бюроммен қарым-қатынасы операция барысында үшінші тұлғалардан жасыру немесе ойдан шығарылған анықтау деректерін пайдалану арқылы жасырылады.

Криминалдық ортаға енуді құқықтық регламенттеудің ұқсас әдістері Францияда бар, онда француз полициясы, атап айтқанда, қызметкерлері қылмыстық ортаны ішінен бақылауды жүзеге асыратын «із кесу және басып алу бригадалары» бар.

Венгрия полициясында қылмыстық әлемде жұмыс істеу үшін арнайы дайындалған терең құрылған қызметкерлердің бөлімшелері бар. Атап өтілген жедел-ізвестіру қызметінің заңнамалық айқындалған мұндай нұсқасы Германияда да орын алады.

Бұл жерде Солтүстік Рейн-Вестфалия жерінің полициясы туралы заң полиция белгілі бір уақытта әзірленген аңыз бойынша әрекет ететін полицияның жедел қызметкерінің көмегімен қылмыстық топтар, құқыққа қарсы әрекетке қатысы бар өзге де азаматтар туралы мәліметтерді жинауға құқылы екенін анықтайды.

Жалпы алғанда, тек 1990 жылдардың басында ғана ТМД елдерінде жедел-ізвестіру қызметін реттейтін заңдар пайда бола бастады.

Мысалы, Ресейде жедел-ізвестіру қызметі саласындағы алғашқы заң актісі 1992 жылғы «Ресей Федерациясындағы жедел-ізвестіру қызметі туралы» заңы болды. Кейіннен оның орнына «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» 1995 жылғы 12 тамыздағы №144-ФЗ Федералдық заңы келді, онда жедел енгізу сияқты жедел-ізвестіру іс-шарасы алғаш рет көзделген.

Өз кезегінде, Қазақстан Республикасы және шетелдердегі жедел-ізвестіру қызметтерін құқықтық айқындауда айырмашылықтар байқалады.

Қоғамның дамуымен КСРО-ның бұрынғы елдеріндегі арнайы құпия операцияларды реттейтін нормаларды өз елдерінің заңнамаларында тұжырымдалған іс-шараларды (жедел енгізу, криминалдық ортаға ену, бүркемеленген жұмыс, қылмысты имитациялау, басқа да жедел-ізвестіру шаралары) дамыту және жетілдіру, оның құқықтық айқындауының өзгеруіне алып келді.

Атап айтқанда, қазіргі таңда қылмыстық процесілік қызмет пен жедел-ізвестіру қызметінің арақатынасын нормативтік құқықтық қамтамасыз ету бойынша үш нұсқа қалыптасты деуге болады:

- жасырын тергеу шараларын қылмыстық процесілік заңымен байланыстырмайтын (Эстония);
- жасырын тергеу әрекеттерін қылмыстық процесілік және жедел-ізвестіру қызметі тұрғысынан қарастыратын (Қазақстан, Латвия, Литва, Молдова, Украина);

– қылмыстық процесс және жедел-ізвестіру қызметі екі оқшауланған сала ретінде қарастыратын (Әзірбайжан, Армения, Белоруссия, Ресей, Өзбекстан) [3, 8].

Жоғарыда көрсетілген елдердің қылмыстық процестік нормаларының көмегімен құпия іс-әрекеттерді реттеу, бұл нормаларды қолданыстағы ЖІҚ туралы заңдардан міндетті түрде алып тастауды білдірмейді.

2012 жылы бірқатар елдерде өзгерістер орын алды. Эстонияда 1994 жылы іздеу қызметі туралы заң алынып тасталып, қылмыстық процестік заңнамалары «барлау қызметі» деген тараумен толықтырылды. Бұл қызмет қылмыстық тергеудің ажырамас бөлігі болды. Осылайша, Эстония бұрынғы КСРО-ның ішінде ЖІҚ ұйымдастыруға кеңестік көзқарастан толықтай бас тартқан алғашқы ел болды. Эстонияның ҚПК қылмысты ашу, оны жасаған адамды ұстау мақсатында қылмысты имитациялауды жедел-іздеу әрекеті ретінде регламенттейді. Бұл әрекеттің субъектісі ретінде тек полиция агенті – шенеунік, яғни жалған тұлға ретінде қылмыстық сот ісін жүргізуде дәлелдемелер жинау құқығы берілген полиция органдарының лауазымды тұлғасы бола алады. Полиция органдарына көмек көрсететін азаматтарды осы іздеу әрекетінің субъектілері ретінде пайдалануға тыйым салынады [4, 205].

Литвада 2002 жылы «Жедел қызмет туралы» заңның орнына 2012 жылы жаңа заң қабылданды.

Осы нормативтік актінің мазмұнынан жедел полиция қызметкері қылмыстық ақпаратты жинау әдістерін тек алдын алу шаралары ретінде пайдалана алады, ал іс-шараларды толыққанды өткізуге Литва ҚПК шеңберінде жол беріледі. Сотқа дейінгі

тергеуді жүзеге асыратын лауазымды адамдар өз міндеттемелерін орындау кезінде өзінің жеке басын аспауы мүмкін [4, 205].

Молдовада 1994 жылғы «Жедел-ізвестіру қызметі» туралы заңның орнына 2012 жылы жаңа заң қабылданды.

Көптеген посткеңестік елдерде ҚПК, оның ішінде жасырын тергеу әрекеттерін енгізу бойынша қылмыстық іс жүргізу заңнамаларын реформалаудың өзгерісі байқалды, бұл адам құқықтарын қорғаудың халықаралық стандарттарын іске асыру қажеттілігіне байланысты.

Жоғарыда қарастырылып өткен жедел-ізвестіру іс-шараларының кейбір мәселелері іс жүзінде ТМД және Балтық елдерінде қабылданған барлық жедел-ізвестіру заңдарын, өз елдерінде осы іс-шараларды жетілдіру үшін таңдап алған айқын бағыттарына қарамастан қылмыстық іс жүргізу заңнамасы шеңберінде және кейбір елдерде жедел-ізвестіру заңымен жеке айқындалатынын көрсетті. Елімізде де жедел-ізвестіру қызметінің теория мен тәжірибедегі кейбір мәселелері толығымен зерттеуді қажет етеді.

Отандық заңгер ғалым А.Қ. Қанатовтың пайымдауынша: «Осылайша, жедел-ізвестіру қызметінің міндеттерін шешуді ескере отырып, заң нормаларының (кодекстердің) қайталануын барынша азайту үшін ЖІҚ заңының жаңа редакциясы қажет (бірте-бірте, қылмыстық процестің эволюциясын, жаңғыртылуын ескере отырып, заңды жоюға қажеттілік туындауы мүмкін)» [5, 41] яғни, алдағы уақытта еліміздің жедел-ізвестіру қызметі туралы заңының бірнеше баптарына қатысты өзгерістер енгізілуі немесе жаңадан заң қабылдануы мүмкін деген ойдамыз ►

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің мәліметтері. <http://pravstat.prokuror.gov.kz/>
2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі № 154-ХІІІ «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» Заңы. Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.
3. Б.К. Амиранов. Негласные следственные действия в уголовном процессе Республики Казахстан: проблемы теории и практики. Монография, Алматы, 2019.- 160 с.
4. А.Г. Богатырев. Правовое регулирование оперативного внедрения в зарубежных государствах. Вестник Московского университета МВД России. 2015г. №3.
5. Канатов А.К. К проблемным аспектам оперативно-розыскной деятельности (мониторинг законодательства). Құқық қорғау органдары академиясының Жаршысы. 2017ж. №4 (6).